



# Ақмешіт

13 ақпан  
сенбі

№12 (1714)

2021 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



### ҰЛЫБРИТАНИЯДА ЖАҢА ЗАҢ

Қазіргі кезде Ұлыбританиядағы эпидемиологиялық ахуал көңіл көншітпейді. Сондықтан елде шектеу шаралары мейлінше қатаңдауда. Жақында Ұлыбритания үкіметі ахуалдың күрделенуіне байланысты жақын уақыттағы саяхаттарын жасырып қалғандарды 10 жылға бас бостандығынан айыру туралы заң қабылдаған еді. Алайда бұл заңға наразылық білдірушілер табылды. Мәселен, Жоғарғы соттың экс соты Лумпе «Зорлық-зомбылық қылмыс жасаған адам бұдан аз жылға қамалады», – деп заңға қарсылығын білдірді. Бұл туралы «BBC» арнасы «Covid-19: Саяхат жайлы жалған ақпарат үшін тағайындалған 10 жыл түрмеге қамау заңы ақталды» атты арнайы бағдарлама дайындады.



Бағдарламада шектеулердің күшейтілуі, жаңа заңға қарсы болғандардың пікірі мен Ұлыбританиядағы ахуал туралы айтылған. Жақында Ұлыбританияның көлік министрі Грант Шаппс «халық бізден қатаң шараларды күтеді, ал жаңа заң сол шараны бұзудың ауыр қылмыс екенін дәлелдейді», – деп.

Дүйсенбіден бастап Англияға «қызыл аймаққа» енген елден келгендер 1750 фунт стерлинг төлеп, 10 күн қонақ үйде оқшаулануы тиіс. Сондай-ақ олар елге келгенде алынатын ПЦР тестің де ақшасын өз қалтасынан төлеуге міндеттелді. «BBC» арнасының пайымдауына, мұндай шектеу шараларын қабылдаудың басты себебі үкіметтің елде егіліп жатқан вакцинаның коронавирустың басқа штаммдарын тоқтата алмауы деген ойда.

Осы орайда министр Шаппс британдықтарға ел ішіне де, шетелге де саяхаттамауға және алдын ала билет сатып алмауға кеңес берді. Оның айтуынша, елдегі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру қиына түсуде және алдағы күндері не болатынын ешкім болжай алмайды.

Лорд Сампшн «Daily Telegraph» газетіне берген сұхбатында денсаулық сақтау министрі Мэтт Хэнкокты шынайы өмірден алыстап, ойға қонбайтын шаралар қабылдады деп айыптауда.

– Он жыл – өлімге дейін жеткізбеген қасақана ұлау, әдейі шабуыл жасау және өлім қаупіне жеткізетін қылмысқа берілетін максималды жаза. Хэнкок мырза рәсіммен Португалияға барған сапарын жасырып қалғаны үшін осындай жаза қолданбақ па? Жалпы атыс қаруын қолданғаны, кемелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаға тартылғандар ең көбі 7 жылға түрмеге жабылатынын біле ме екен? – деп Сампшн өз сөзінде.

Ал Парламенттің бұрынғы өкілі, экс бас прокурор Доминик Грив «10 жылдық» жаза тым әсіреленген қателік деп санайды. Ол «BBC Radio 4-тің» «Бүгін» атты бағдарламасында: «Шынтауыңда, мұндай жазаны сот ешкімге қолданбайтындықтан, ешкім 10 жылға қамалмайды. Десе де, үкімет жағдайды тұрақтандыру үшін мейлінше қатаң шаралар қолданып жатқанын түсіндім», – деп.

Арна дайындаған арнайы бағдарламада Ұлыбританиядағы жаңа заңдар туралы да айтылады. Мысалы, арнайы белгіленген қонақ үйде 10 күндік карантинге жатпаған адам 5 мың фунт стерлингтен 10 мың фунт стерлингке дейінгі мөлшерде айыппұл төлейді. Ал өзінің сапары туралы ақпаратты шетелден келгенде толтырылатын анықтамаға бұрмалап жазған адам 10 жылға сотталуы мүмкін. Шаппстың айтуынша, ең ауыр қылмыс жасағандар 10 жыл түрмеге қамалмақ.

Сондай-ақ министр британдық қоғам қонақ үйдегі карантиннен қашқандарға одан да ауыр жаза тағайындауы мүмкін екенін айтты. Министр берген ақпарат бойынша, апта сайын Ұлыбританияға 33 елден 1300-ге жуық адам келеді екен. Олардың ішінде «қызыл аймақта» тұрған Португалия, Бразилия мен Оңтүстік Корея да бар.

Қазіргі кезде британдықтар үшін халықаралық қатынастардың барлық түріне тыйым салынған. Тек кейбір елдерге жұмыс бабымен, емделу, білім алу мақсатында баруға рұқсат етілген. Мерекелер тойланбайды. Ұлыбритания шет мемлекеттермен бүгінде келіссөзге келіп, әр келушіден ПЦР тесті мен вакцина салынғаны туралы анықтама сұралатын болды.

Ал денсаулық сақтау министрі Хэнкок: «Біз қойған талаптарды бұзғандар, біздің басымды қауіпке тігеді», – деп. Ол «BBC-ге» берген сұхбатында шетелге ұшатын адамдардың барлығына жаңа заң жүйесі ескертілетіні және келісімді білдіретін құжатқа қол қойылатынын айтты.

Арнаның тілшілері мұндай шектеу шаралары қашан күшін жоятынын сұрағанда Хэнкок мырза: «Біз бұдан шығып, тезірек қауіпсіз халықаралық қатынаса шығуды көздеп отырмыз», – деп.

Бұл орайда Швейцария үкіметі де тиісті шара қабылдап, Англиядан келгендерді 10 күндік карантинге жатқызып, Арнайы бағдарламаны дайындаған авторлар Швейцарияның мұндай шешім қабылдауына себепті қауіпсіздік емес, бәсекелестік үшін деп түйген. Олардың пайымдауына, Ұлыбританияға келгендер өздерімен ПЦР тестін ұстап жүру керек, болмаған жағдайда айыппұл төлеуге міндетті. Бұл орайда британдық шекарашылар келушілердің бәрін бірдей емес, таңдап тексеретіні айтуда.

### ӘКІМ ЕЛГЕ ЕСЕП БЕРДІ

Қызылорда қаласының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

## «БАРЛЫҒЫ ӨЗ БАҚЫЛАУЫМДА БОЛАДЫ»

Жылдағы дәстүр бойынша қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев халық алдында жылдық есебін берді. Елдегі ахуалға байланысты есепті кездесу онлайн түрінде өтті. Есепті жиын бір уақытта қаланың үш бөлігінде ұйымдастырылды. Әр шағын ауданнан жиналған тұрғындар Асқар Токмағамбетов, Мәдина Ералыбаева атындағы мәдениет үйлерінде, Әлі Мүсілімов атындағы №101 мектеп лицейіне жиналды.

Есепті кездесуге облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, қалалық мәслихат депутаттары, бірқатар облыстық басқармалар мен қалаға қарасты мекеме басшылары, бұқаралық ақпарат құралдары және үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысты.

Есепті кездесуді қаланың экономикалық көрсеткіштерінен бастаған шаһар басшысы сөзін жыл бойындағы жүзеге асқан жақын жобалармен жалғасты. Өткен жыл қорытындысында Сырдың бас шаһары қаланың әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын сипаттайтын барлық негізгі көрсеткіштері бойынша оң нәтижелерге ие болған.

– Жыл басында қала бюджеті 69 млрд теңге болып бекітіліп, жыл қорытындысымен 94 млрд теңгеге жетті. Бұл – жақсы жетістік. Өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 480 млрд теңгеге жетіп, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі артығымен орындалды. Облысқа салынған инвестицияның 52 проценті Қызылорда қаласының үлесінде. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 9 млрд 400 млн теңгені құрады, – делі шаһар басшысы.



2 БЕТТЕ

### БРИФИНГ

Биыл Сыр өңірінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай бірқатар шаралар атқарылақ. Сондай-ақ биыл үш жылға жоспарланған «Сыр жұрты» танымдық-пансионарлық жобасы әзірленді. Бұл бастамалар туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.



### Тәуелсіздік құрметіне – жаңа жоба

– Сыр өңірі – қазақ тарихында ерекше маңызы бар киелі мекен. Сырда туған белелді ғалым-зерттеушілер, шығармашылық өкілдері жиналып, «Сыр жұрты» атты бағдарлама әзірледі. Аймақтың тарихи-мәдени құндылықтарын зерттеуді мақсат еткен жоба көпшілікке рухани байлықты насихаттап, нығайтпақ. Жоба «Сыр санлақтары», «Туған жер – тұнған шежіре», «Тал бесіктен – жер бесікке дейін», «Сыр елі – Жыр елі», «Сыр өңірі – ұлттық құндылықтардың темірқазығы» атты бағыт бойынша қызмет етеді, – деп облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет жаңа жобаме таныстырды.

Сонымен қатар Серік Әбдіқалыұлы биыл өңірде «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» аясында түрлі форматта 260 жоба әзірленгенін айтты. 12 тақырып аясында ай сайын ұйымдастырылатын жобалардың басты мақсаты Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойының маңызы мен Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы рөлін насихаттауға бағытталған. Мәселен, наурыз айында қазақ ұлтының салт-дәстүрі мен мәдениеті, сәуірде ғылым және технология тақырыбы аясында шаралар ұйымдастырылақ. Жалпы бұл жоспардың барлығы «Жасампаздыққа толы жылдар» идеясы аясында жүзеге асырылақ.

Облыс әкімінің орынбасары бұл шараларды өткізуде еліміздің бас санитарының қаулы талаптарын сақтайтынын ескертті. Одан бөлек, бұл мәдени шараларды өткізуге арнайы қаражат жұмсалмайтынын да тілге тиек етті. Қорытындылай келе, аймақ басшысының орынбасары барша сырбайлықтарды аталған бастамаларды қолдап, мерейлі мерейтойды бірге тойлауға шақырды.

«Ақмешіт-ақпарат»

### ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМИСІ

## ЦИФРЛАНДЫРУ: қағазбастылықтан құтылу жолы

Ереін ШАМШАДИН

Қайсыбіріміз болмасын, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы олқылықтарға мін тағып отыратынымыз жасырын емес. Алайда тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктің бірі – мемлекеттік қызмет түрлерін цифрландыру екенін атап айтуымыз керек. Себебі электронды үкіметті оңтайландыру халықтың тек уақыт пен жүйкесін үнемдеуге ғана емес, қаптаған қағаздан арылуға мүмкіндік ашты.

4 БЕТТЕ

### ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

## СЫРДАҒЫ ӨНІМГЕ СЫРТТАҒЫЛАР ҚЫЗЫҒЫП ОТЫР



Бұл туралы облыс әкімі «Facebook-тегі» парақшасында: «Өзім дайын өнім консервілерінің дәмін татып көрдім, ұнады. Жұмыста жүріп, тамақ пісіруге уақыты бола бермейтін адамдар үшін өте қолайлы. Бағасы да халыққа қолжетімді болмақ. Осы бағыттағы шағын және орта бизнесті дамыту жұмыстарын қолдау жалғаса береді», – деп жазды.

Бұл сырбайлықтар үшін жаналық болғаны рас. Өзіміздің өнімді алуға асыққандар аз болмады. Бұл жаңалық бізді де қызықтырды. Біз де жаңа өнім жайында жазу үшін арнайылап цехқа бардық.



Қызылорда қаласының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

# «БАРЛЫҒЫ ӨЗ БАҚЫЛАУЫМДА БОЛАДЫ»

## КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ

Қалада кәсіпкерлік саласы дамып келеді. Кәсіпкер айналысқысы келгендер мемлекеттік бағдарламалар бойынша несие алып, тірлік етуде. Алдағы уақытта да жарқын жобалар жалғасын таппақ. Мұны қала әкімі де мәлімдеді.

«Индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025» бағдарламасы аясында қалада жалпы құны 67 млрд 600 млн теңгені құрайтын 8 жоба жүзеге асуда. Жобалар толық іске қосылғанда 1000-нан астам қызылордалық жұмыспен қамтылатын болады. «Бизнесіңіз жол картасы» бағдарламасы негізінде құны 6 млрд 500 млн теңгені құрайтын 161 жоба қаржыландырылып, 30 адам 57 млн теңгеге мемлекеттік қайтарымсыз грант алды. Ал «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша құны 968 млн теңгені құрайтын 13 жоба қаржыландырылса, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының бірінші бағытына облыстық бюджеттен бөлінген 114 млн теңгеге кәсіптік оқуға 659 азамат жолданып, оның 425-і жұмыспен қамтылды, – деді қала әкімі.

Сонымен бірге бағдарламаның екінші бағытымен 125 азаматқа кәсіпкерлік бастамасын қолдауға 615 млн теңге несие берілген. «Жаңа бизнес идеяларды» іске асыруға 1 мың 355 азамат 750 млн теңге көлемінде мемлекеттік грантқа ие болды. Бағдарламаның үшінші бағытына 598 млн теңге бөлініп, 2511 адам қоғамдық жұмысқа тартылған. Жастар тәжірибесіне республикалық, облыстық бюджеттен 461 млн теңге бөлініп, 575 мекемеге 1838 жас маман жұмысқа жолданды.

## ҚОНЫС ТОЙ КӨБЕЙСІН

Жыл санап қала халқының саны артып, баспанаға деген сұраныс ұлғаяды. Бұл мәселені шешу бағытында қаладағы құрылыс қарқынын, оның ішінде тұрғын үй құрылысын арттыруға ерекше назар аударылып келеді. Өткен жылы қаржыландырудың барлық көздері есебін жалпы ауданы 371 мың 314 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Жыл көлемінде 1342 қызылордалық баспаналы болды. Қаладағы құрылыс жұмысының көлемі 58 млрд теңгеге жетіп, 2019 жылмен салыстырғанда орындалу көрсеткіші 125 процентті көрсетті.

Бүгінде 38 үйдің құрылысы жүргізілуде. Жыл аяғына дейін құрылыс жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға беріледі. Білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын шешу мақсатында өткен жылы Жаппасбай батыр көшесінің бойынан 600 орындық білім ордасы ел игілігіне берілсе, жеке инвестор есебін салынған 500 орындық «Зерде» мектебі өз жұмысын бастады. Бұдан бөлек «Бәйтерек» шағын ауданында «Жол картасы» аясында 600 орындық, «Саяхат» мөлтек ауданынан жеке инвестор есебін 300 орындық мектептің құрылысы жүргізілуде. СПМК-70 шағын ауданынан 600 орындық жеке мектептің құрылысы жақын күндері басталады, – деді қала әкімі.

Есепті кездесуде қала әкімі Н.Нәлібаев биыл атқарылатын жұмыстарды атап өтті.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 2020 жылы 2 млрд 35 млн теңгеге 37 көпқабатты тұрғын үй қайта жаңғыртудан өтті. Соңғы жылдары 5 млрд 848 млн теңгеге 171 көпқабатты тұрғын үй жөнделді. Оған қоса 2 млрд 563 млн теңгеге қаладағы 23 көріздік сорғы станциясына қайта құру мен жанарту жұмысы жүргізілген.



## КӨШЕ КЕЛБЕТІ

Жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда да жаңа жобалар жүзеге асты.

Республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінген 9 млрд 112 млн теңгеге 408 көшеге ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Соңғы жылдары жол құрылысын дамытуға 30 млрд-қа жуық қаржы тартылып, 840 шақырымды құрайтын 1177 көше жөнделген.

Бұдан бөлек 2 млрд 529 млн теңгені құрайтын Ф.Мұратбаев көшесіндегі көпір мен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» күре жолын жалғайтын ұзындығы 5 шақырымға созылған жол құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Аталған магистральды автодәлізбен қосуға 640 млн теңгеге «Шіркейлі» каналы арқылы өтетін көпір салынып, бүгінде ел игілігіне берілді.

Кейінгі жылдары 159 шақырымды құрайтын 145 көше жарықтандырылып, 184 шақырымға электр желісі тартылды. 23 млрд 250 млн теңгеге 345 шақырым ауыз су желілері, 10 млрд 770 млн теңгеге 33 шақырым жылу жүйелері ауыстырылды. Нәтижесінде қаладағы 93 процент ауыз су желілері, 80 процент көріз жүйелері, 60 процент жылу жүйелері жанартылды.

## ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР

Жылды жоғары көрсеткіштермен қорытындылауға Ел Президентінің бастамасымен жүзеге асқан Жұмыспен қамту «Жол картасы» оң әсерін тигізді. Осы бағыт бойынша қала бюджетіне 18 млрд 356 млн теңге бөлініп, 107 жоба қаржыландырылды. Аталған жобалар аясында барлығы 5021 адам жұмыспен қамтылды, – деді қала басшысы.

Бұл қаражатқа бірнеше мәдениет, білім нысандары күрделі жөндеуден өтті. Қала күні мерекесі қарсаңында Денсаулық және демалыс саябағы мен Дәрігерлер аллеясы пайдалануға беріліп, «Тағзым» мемориалы, «Сыр Ана» монументі, «Темір жол» паркі, Назарбаев даңғылы қайта жаңғыртудан өткені белгілі. Көптегерлі тұрғын үй аудаларына 3 млир стритбол және 45 ойын алаңы салынып, 70 жаңа аялдама орнатылып, 68 көшеге тротуар салынды.



Аз қамтылған көпбалалы отбасыларға 192 тұрғын үй сату алуға «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы 1 млрд 600 млн теңге бөлінді. Елді мекендерді ауыз сумен қамту, су бұру жүйелерін дамытуға «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 392 млн теңге қаралды. Жұмыспен қамту «Жол картасы» аясында қала бюджетіне 5 млрд 500 млн теңге бөлінді.

Бағдарлама аясында Қызылжарма ауылдық округінде 900 орындық «Бәйтерек» шағын ауданында 600 орындық мектептер бой көтереді. Қалада қолға алдығы хоккей алаңы, Тасбөгет кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешендері салынады. Әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы, полиция бөлімшесінің әкімшілік ғимараты қайта жаңғыртудан өтеді.

Қосшынырау, Талсуат ауылдық округтерінің инженерлік инфрақұрылымын дамытуға «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 351 млн теңге қаржы қаралды. Ұлттық кор есебінен 1 млрд 960 млн теңге бөлініп, Ф.Мұратбаев, С.Бейбарыс көшелерінде орналасқан көпірлер аралығында 2 шақырымды құрайтын сол жағалаудағы магистраль жалғасының құрылысы басталып, жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі.

С.Бейбарыс көшесіндегі көпірден Эдельвейс саяжайы арқылы Тұңғыш Президент саябағына дейінгі аралықты қамтитын 1,1 шақырым жол салуға 395 млн теңге бөлініп, жұмыс арала жұмыс бастамақ. Тәуелсіздік даңғылының жалғасы саналатын «Қызылжарма» каналына дейінгі магистральді аяқтауға 294 млн теңге бөлінді. Бұл жол сауір айында ел игілігіне пайдалануға беріледі. Оған қоса облыстық жастар орталығынан бастау алатын жалпы ұзындығы 3,4 шақырымды құрайтын жолды Шіркейлі каналына баратын негізгі көшемен байланыстыруға облыстық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлініп, құрылысы аяқталады деп жоспарлануда.

Сол жағалаудағы бас көше мен «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізін байланыстыратын құны 4 млрд 274 млн теңге болатын көлік айрығының құрылысын «Базис» корпорациясы бастады. Қалалық бюджетте қалыптасқан бас қалдық есебінде 51 шақырым болатын 94 көшеге қиыршық тас төсеу жұмыстарын жүргізуге 1 млрд 700 млн теңге қаралды. Сонымен қатар Сырдария өзенінің сол жағалауынан апаттық үйлерде тұратын отбасылар үшін 50 пәтерлік тұрғын үй құрылысын жүргізуге тиісті қаржы бөлінді.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

Көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 60 пәтер сатып алуды қоса қаржыландыруға қалалық бюджеттен 276 млн теңге қаралған. Көпқабатты үйлердің аудаларына қосымша 10 ойын алаңын салуға 175 млн теңге қаржы қаралғанын атап айтты.

## ХАЛЫҚ ПЕН ӘКІМ: ТҮРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРДЫ?

Бір жылдық белесті бағамдап, алдағы жоспарларды айқын жеткізген қала әкімі есепті кездесуді халықтың ұсыныс-пікірін, өтініш-тілегін тыңдаумен бастады.

Айтүл Өмірзақова, Мәншүк Мәметова көшесінің тұрғыны:

– Есебіңізде тыңдадық. Алығымыз зор. Тұрғындар атынан өтінішімізді білдіріміз келіп тұр. Қошемізге түнгі жарық орнатылса деген ниетіміз бар.

Қала әкімі Н.Нәлібаев:

– Жынынан кейін өтінішті қараймыз. Мүмкіндік болса қаражатына қарай қолға аламыз. Міндетті түрде көңіл бөлінеді.

Титов қыстағының тұрғыны:

– Біздегі мәселе жарық бағаналарына қатысты. Жаңа құрылыс көшесіне бағаналар дұрыс орнатылмаған. Қазіргі кезде жарық сымдары төмен түсіп, адам өміріне қауіп төндірүі мүмкін деп алаңдаймыз.

Қала әкімі:

– Қаланың шет жағынан жаңа шағын аудандар бой көтеріп келеді. Ұсынысыңызды қолдаймыз. Былтыр да біраз жұмыстар жасалды. Был да жалғасын табады. Осы кезде Титов қыстағынан оннан аса көшені жарықтандыру қолға алынады. Тізімде Жаңақұрылыс көшесінің болуын бақылауға аламыз.

Айткүл Кенжебаева, қала тұрғыны:

– Ғарышкер көшесіне тас жол төселді. Енді асфальт қашан төселеді?

Қала әкімі:

– Қиыршық тас төселген көшені асфальттауға тырысамыз. Мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Гүлсанем Ауқенова, «Сабалақ» саяжайының тұрғыны:

– Біздің саяжай жақта қордаланған мәселе көп. 2019 жылы ауыз су желілерін жүргізу жұмысы басталған еді. Осы ауыз суға қатысты жұмыс толығымен қашан аяқталады?

Қала әкімі:

– Қаланың аумағында бірнеше саяжайлар бар. Қазір көптеген жерлеріміз сол жақта тұрып жатыр. Негізі саяжайларға күрделі құрылыс жұмысын жүргізуге болмайды. Бірақ біз де халықтың жайын түсінеміз. Саяжайға орналасып, жеке үйлер салып қойған. Соның бәрін ескере келіп, қаламыздың бас жоспарына өзгеріс енгіздік. Нәтижесінде саяжайлардың 90 проценті қаланың аумағына кірді. Сол себептен ол жерге күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге болады.

Қазіргі күні «Сабалақ» саяжайы қала меншігінде. Мұндағы ең үлкен мәселе – ауыз су. Бүгінде қаражатты бөлініп, саяжайға ауыз су желісі тартылды. Енді әр үйге кіргізу жұмысы жалғасады. Алдағы мамыр айында үйлеріңізге су барып, су есебіңізді құралдары орнатылады деген жоспар бар.

Гүлзира Сүлейменова, «Бәйтерек» шағын ауданының тұрғыны:

– Менің мүмкіндігім шектеулі балам бар. Сондай балаларға арналған балабақша немесе мектеп ашылса деген аналық өтінішімізмен келдім.

Қала әкімі:

– Балабақша салуға жеке кәсіпкерлерді тартып жатырмыз. Ол алдағы жоспарда бар. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған балабақшаны салу керектігін біз ойластырып көрейік. Аяқсыз қалдырмаймыз.

Жұмакүл Тұрымтаева, ББИ шағын ауданының тұрғыны:

– 2017 жылы «Бәйтерек» шағын ауданынан жер алаң болатынын. Жаза берген жерді мерзімі үш жыл. Үйдің іргетасын құйып, қабырғасын қаладық. Әрмен қарай қаражаттың тапшылығына байланысты тоқтап тұр. Енді үйді аяқтау үшін уақыт керек. Соған сіздерден уақытты ұзарту жөнінен қандай көмек болады?

Қала әкімі:

– Жер – өзекті мәселенің бірі. Бүгінгі таңда қалада 61 мың адам жер кезегінде тұр. Бұл кезек 2005 жылдан бері келе жатыр. «Бәйтеректен» жер берілгені белгілі. Ол аумақ инфрақұрылымымен толық қамтылған. Бірақ жерді игере алмай келеміз. Бұрын жерді алған адам келесі адамға сата беретін. Қазір ешкім жерді алып, сата алмайды. Берілген жерге құрылыс салуға үш жыл уақыт беріледі. Сол уақытта үй салынбаса мемлекет қайта меншігіне алады. Сондықтан жерді алған соң оны игеру керек. Сіздің ұсынысыңызды пайдаланып, барлық тұрғындарға осыны айтар едім. Ал мәселеніңізді қарап көреміз. Онда да заң талабы көтерсе... Сол себептен түсіністіктен қарауларыңызды сұраймын.

## ОБЛЫС ӘКІМІНІң БАҒАСЫ

Есептік кездесу қорытындысында аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова қалада атқарылған жұмысқа өз бағасын берді.

– Атқарылған жұмыс халықтың көз алдында. Біз облыс орталығының даму үдерісінен оң динамика байқап отырмыз.

Тілші түйіні:

Тұрғындардың тілегін мұқият тыңдаған қала әкімі әр мәселенің назардан тыс қалмай уақытылы шешімін табатындығын айтты, «Барлығы өз бақылауымызда болады» – деп түйіндеді. Жынына қатысқандар негізінен жарық, жол, жер, ауыз су мәселелерін көтерді. Кездесу онлайн өтсе де халық көкейдегі мәселесін еркін жеткізді. Шаһар басшысы да әр сұраққа нақты жауап берді. Бір сөзбен айтқанда есептік кездесуден тұрғындар алғыс айтып тарқасты.

Қазір қаланың 98 проценті газбен қамтылған, 86 процент жолдары қанағаттанарлық деген бағаға лайық. Бұл жоғары көрсеткіш, – деп қала әкімінің жұмысына өз бағасын беріп, алдағы бастамаларына сәттілік тіледі. Сонымен қатар барша қызылордалықтарды өңірді дамыту жолында бірлесіп жұмыс істеуге үндеп, «Туған жерді түлетуде бар күш-жігерімізді аямайық» – деді.

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ  
Суретті түсірген НҮРЖАУБАЙ

СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ

## Есепті кездесуден соң...



Бақберген Досманбетов, «Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі:

### «ҮЛКЕН ЕҢБЕК СЕЗІЛЕДІ»

– Бұрынғы әкім ретінде бүгінгі әкімге айтарыңыз...

– Мен осыдан жиырма жыл бұрынғы қала әкімі ретінде айтар болсам, біздің жылдық бюджетіміз 6-7 млрд теңге болатын. Қазіргі қала бюджеті 94 млрд-ты құрайды. Мұның өзі үлкен еңбек. Сонда да болса экономиканы дамытуымыз керек. Кіші және орта бизнесті жандандыру қажет.

Қаладағы атқарылған жұмыс көз алдымызда. Көңілден шығуда. Жиырма жылдағы айырмашылық жер мен көктей. Қала әкімі Н.Нәлібаевтың тәжірибесі жылдан-жылға шындалып келе жатыр. Іскер басшы екені белгілі.



Серік Дүйсенбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

### «ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЖАЛҒАССА»

– Әкім есебіне берер бағаңыз?

– Қала әкімінің есебін тыңдадық. Былтыр елімізде қиын жағдай болса да қалада көптеген жұмыс атқарылғаны байқалады. Өзім ардагерлер атынан оң бағамды беремін. Менің айтарым, халық үшін жасалып жатқан осындай игі іс әрі қарай да жалғасын таба беру керек. Есептік жылында айтылғандай, биылдың өзінде қалада және қалаға қарасты елді мекендерде жарқын жобалар жыл соңына дейін жүзеге асырылмақ. Қаламыз қай жағынан болса да өркендеп, алда келеді. Бұл – қуантарлық жағдай.



Ибадулла Құттықожаяев, қалалық мәслихат хатшысы:

### «ХАЛЫҚ ЖАҚСЫ ҚАБЫЛДАДЫ»

– Әкім есебі қалай өтті?

– Осы уақытқа дейін әкім есебі қаланың бірнеше бөлігінде өткені белгілі. Бәріне қатысып жүрміз. Қаланың экономикалық қарқыны дамуы, орта және кіші бизнесті жандандыру, агроөнеркәсіп кешенін қолға алу, жергілікті өнімдерді шығару барысында жақсы бастамалар баршылық. Енді алда да үлкен жоспарлар бар. Аймақ басшысы да біраз міндеттерді жеткізді. Міне, соның бәрі алдағы уақытта атқарылатын іс. Қала әкімінің есебінде тұрғындар өз ұсыныстарын айтты. Онлайн түрінде өтсе де халық жақсы қабылдады.

## ДЕНСАУЛЫҚ

Иә, бұл орталыққа әйелдер қауымы қайта келуге асық. Қыз баласы үшін әу бастағы мақсат – ана атану болса, сәбиңді аман-есен бауырыңа басу да шексіз қуаныш. Мұнда күнге қаншама нәзік жан ана атанады. Іңгілеген сәби үшін естілуіне, бақытты сәтті сезінуге орталық мамандарының еңбегі зор.

Быттыр елімізде демографиялық көрсеткіштің 1987 жылғы рекорды жаңартты. Әр жыл сайын бала туу көрсеткіші артып келеді десек те, 34 жыл бұрынғы деңгейге жетпеген екенбіз. Ал облыста мұндай көрсеткіш соңғы он жылда бері артқан. Бұл ретте өткен жылғы облыста 20310 сәби дүниеге келсе, оның 11565-і облыстық «Ана мен бала» перинаталдық орталығында туған. Сыр өңірі туу көрсеткіші бойынша республикада алдыңғы қатарда.



# СӘБИҮНІ ЕСТІЛЕТІН ОРТАЛЫҚ

Айдана СЕЙІЛ

## ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІНДЕГІ ҚАРБАЛАС

Күнделікті уақытта қарбаласқа толы бұл бөлімнің жұмысы бір сәтке толастамайды. Қазіргідей бұйыран вирус қысқан тұста да мұнда келушілер азайған емес. Жедел жеткізілгені, жоспарлы жолдамамен жіберілгені, өз денсаулығына алаңдаушылық танытып келгені бар, барлығы орталыққа осы бөлім арқылы орналасады.

Облыстағы ана мен балаға көмек көрсететін жалғыз мекемеге күніне орта есеппен 50 шақты жүкті келіншек жеткізіледі екен. Олардың шағымына, денсаулық жағдайына сәйкес тиісті бөлімдерге жіберіледі. Кейде өзін жайсыз сезінген аналар да осында бас сұғып, көмек сұрайды. Жағдайы белгісіз болған жағдайда олар арнайы диагностикалық бөлмеге жатқызылып, тәулік бойы бақылауға алынады. Егер алаңдауға себеп болмаса үйіне қайтарылады, қажет жағдайда бейімді бөлмеге жіберіледі. Жоспарлы түрде жолдамамен келгендер тиісті бөлмеге жатқызылады. Ал толғақпен, түрлі асқынулармен, не оқиса оқиғасы орнынан жедел жеткізілген жүкті науқастарға шұғыл көмек көрсетіледі. Орталықта жедел көмек көрсету жағдайы жиі кездеседі.

Қазір бұл бөлім індет жағдайында лас аймақ (грязная зона) қатарына енгізілген. Жедел көмек жүргізгендерден, шағымданып келгендерден сол мезетте тексеруге анализ (полимеразды тізбекті реакция) алынып, қажет болған жағдайда тиісті ем-шара қолданылады. Осындай қауырт тірлік орталықта қабылдау бөлімінің күндегі көрінісіне айналған.

## АНАҒА КҮТІМ КЕРЕК

Демографиялық өсім қуантады. Тек болашақтың кілтін ұстап ұрпақтың он екі мүшесі сау болғаны жақсы. Өмір есігін ашатын нәрестенің денсаулығы тікелей анасына байланысты. Сондықтан ана денсаулығына бей-жай қарауға болмайды.

Өкінішке орай, өңірде мұның толғандырар тұсы көп. Мамандардың айтуынша, өзге облыстарға қарағанда біздегі әйелдердің денсаулық индексі 12-13 процент екен. Яғни, ұрпақ өрбіте алатын 100 әйелді алсақ, оның тек 12-13-ін ғана аурушандық белгісі жоқ деген сөз. Қаназдық, қан қысымы, бүйрек, жүрек-қан тамырлары, эндокриндік аурулар әйелдер арасында жиі кездеседі. Ал жүктілікке дейін мұны емдеп, болашақ ананың қорғаныш қызметін қалыптастыру көптеген патологиялық дерттің алдын алуға сеп болады. Дәрігерлердің жүктілікті жоспарлау дейтіні де осыдан. Шындығында дүниеге келер сәбидің денсаулығы алдымен анасын ойластыруы қажет.

Жүктілік кезіндегі асқынулар ана денсаулығымен тікелей байланысты. Болашақ ананың күтінбеуі, денсаулығына салғырт қарауы салдарынан баланың шала тууы, туа бітті ақаумен өмірге келуі ғажап емес. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі осы. Сол себепті алдын ала қажетті ем-домын алып, жүктілікті әйел ағзасы дайын болған уақытта жоспарланған жөн. Сондай-ақ қазір инфекциялық аурулар кең тараған. Бұл да ана мен

бала денсаулығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан әрбір ана өзінің, болашақ ұрпағының денсаулығына әуелден жауапкершілікпен қарауы керек. Мұны жетіліп келе жатқан қыз баласынан бастау қажет-ақ. Анасы қызымен ашық әңгімелесіп, болашақ ана болуға алдын ала дайындығын өкінішті жағдайлар орын алмас еді. Ұрпақ саулығына қоғам болып мән бергеніміз дұрыс, – дейді облыстық перинаталдық орталық директорының орынбасары Сәуле Жақанова.

## БАЛА НЕГЕ ШАЛА ТУАДЫ?

Әйелдің ай, күні жетпей ерте босануы қай кезеңде де болған жағдай. Бірақ соңғы уақытта бұл белең алып барады. Шалабайлардың өмірге қабілеттілігі әртүрлі келеді. Мұндай жағдай қалыпты көрінгенімен мамандар алаңдауға негіз барын айтады. Себебі мұның астарында ана мен сәбиінің денсаулығы, өмірі маңызды рөл ойнайды. Расымен, бала неге шала туады? – Қазір жүкті әйелдер арасында қан қысымы, бүйрек ауруы көп. Жүкті келіншектер орталыққа кейде жедел түрде жеткізіліп, оны жан сақтау бөліміне жатқызуға тура келеді. Неге десеніз, ол ананың қан қысымы жоғары, бүйрек қызметі нашарлаған, кіші дәреттегі белок көрсеткіші артып кеткен. Тіпті қан қысымы 200-ге көтеріліп келетін келіншектер бар. Яғни, оның миы ісініп, миға қан құйылу, жатырдан қан кету қаупі басым болады деген сөз. Ондай сәтте ананың өмірін сақтау үшін жүктілігін мерзіміне

салмақты қосқанша 2-3 ай уақыт керек. Шала туған нәрестелер күтіннің арқасында өмірге қабілетті жылдан жылға артып келеді. Бұлдан бөлек жүктілік кезінде құрсақтағы баланың дұрыс дамуына, туа бітті кемістіктің пайда болуы да ана денсаулығымен, сыртқы ортаның зиянды факторларға байланысты, – дейді білікті дәрігер.

Орталықта іштегі баланың дұрыс жетілуін жүктілік кезеңінде 3 рет эксперт класы ультра дыбысты зерттеу аппараты арқылы бақылайды. Жүктіліктің 22 аптасына дейін қандай да бір өмір сүруге қабілетсіз құрсақшалық ақауы анықталса, әйелдің келісімімен жүктілік тоқтатылады. Десе де ақауы бар баланың туғанын кейін де өмір сүруіне жағдайы келсе оны дүниеге әкелуге болады. Мұндай туа бітті ақаумен туған сәби көрсеткіш бойынша төртінші деңгейлі медицина мекемесіне тиісті ем жасауға жіберіледі.

## ВИРУСТЫҢ САЛДАРЫ

Бұрын-соңды естіп, білмеген індеттің залалын вирус жұқтырып, ауырғандар жақсы біледі. Жас талғамайтын бұл дерт жүкті келіншектерді де айналдыртып оттады. Пандемия кезінде олар үшін бөлек 2 ғимарат жасқатылды. Тоқсан төсектік провизорлық стационарда



қарамастан үзуге тура келеді. Осыны анасы түсінуі қажет. Осындай аурудың салдарынан жүктілік кезіндегі асқынулар пайда болады. Бөпесі шала туады. Шала туғандарға қажетті медициналық жабдықтар бар дегенмен, баланың өмірге қабілеті төмен болуы мүмкін. Ағзасы әлі толық дамымаған, бар-жоғы 500-900 грамм шамасындағы (экстремалды аз салмақты) шалабайлар қажетті

ковидқа күдікті және оны жұқтырған 152 әйел емделіп шыққан. Соның 72-сінен коронавирус анықталса, 3-еуі ауыр жағдайда болған екен. Стационарда қажетті құралдармен жабдықтауда демеушілердің де көмегі тиген. Оттегі конденсаторы, пульсоксиметр, жасанды тыныс беру аппаратымен қамтылған. Тосыннан келген тәжалмен ақ халаттылар да жан беріспей күресті. Соның нәтижесі болар провизорлық

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ТЕК ДӘРІГЕРГЕ ЖҮКТЕЛМЕУІ КЕРЕК

– Сәуле Сәменқызы, бүгінгі күннің өзекті мәселесі маман тапшылығы. Перинаталдық орталықта мұндай мәселе бар ма? – Бұл республика көлемінде өзекті жағдай ғой. Маман тапшылығы бізде де бар. Әсіресе, анестезиолог-реаниматолог, неонатолог мамандары жетіспейді.

– Өмір болған соң небір жайттар кездеседі. Тәжірибеңізде күрделі ахуалдан оң шешім тапқан сәттер кездескен шығар... – Бала кезден акушер болуды армандадым. 8 сынып бітірген соң медицина колледжіне түсіп, кейін осы мамандық бойынша институтты тәмамдадым. Еңбек жолымды Шаған ауылындағы перзентханадан бастадым. Әлі тәжірибем толыспаған жас акушер маманымын. Кезекшілігімде құрсақтағы баласы теріс келген әйелді босандыру керек болды. Бұл жағдай патологиялық босану болып саналады, қазіргі кезеңде тек дәрігер қабылдау керек. Қиын болса да тәуекел етіп, келіншекті аман-есен босандырдым. Сәбиі де аман-есен. Ол кезде қазіргідей медициналық көмек көрсету жүйесі жоқ. Салдары қалай болары беймәлім, жастықпен тәуекел еткен екенім деймін. Кейін тағы да шалғай елдімекендегі келіншекті босандыруға бардым. Оның жағдайы қиын еді, орталыққа жеткізуге мүмкіндік болмады. Десе де ол кісі де дүниеге дені сау бала әкелді, өзі де аман-есен. Қазіргі кезде мұндай жағдай болса санавиациямен облыс орталығына жеткізіледі. Осындай тәуекел еткен оқиғалар есімде қалыпты.

– Дені сау баланы дүниеге әкелу үшін ана денсаулығына мән беру керек дейміз. Осы орайда болашақ аналарға, жүкті келіншектерге қандай кеңес бересіз?

– Бүгінгі қыз бала – ертенгі ана. Сондықтан денсаулық түзеуді, оған мән беруді жасөспірім кезден қолға алған жөн. Отбасы құрған жұп жүктілікті жоспарласа екен. Мысалы, еуропа елдерінде жүктілікті жоспарлайды, дәрігерге қаралады, дені сау ұрпақ әкелу үшін алдын ала дайындалады. Ал бізде осы жағынан ақсайтын тұсымыз көп. Дұрысында босанған соң келесі жүктілікке дейін 3 жыл уақыт өту керек. Ол аралықта оның денсаулығы қалыпқа келуі тиіс. Жұмыс барысында небір жайттар кездеседі. Быттыр босанған келіншек, биыл тағы келеді. Кесар тілігімен босанса да, келер жылы дүниеге сәби әкелетіндер бар. Тіпті бір жылда екі рет босану жағдайы да кездеседі. Бұл қалыпты жағдай. Жауапкершілікті тек дәрігерге жүктемей, оны әрбір ана да сезініп, өз денсаулығын түзеуі тиіс.

ционардағы әйелдердің тоқсанға жуығы аман-есен босанып, сәбиін бауырына басқан. Күнделікті жай тұмау емес, дендесе дертке айналған вирусты жұқтырған аналарды сәбиінен оқшаулау бұл жағдайда дұрыс шешім. Дегенмен оның өзі анасының келісімімен жүзеге асады. Осылайша 14 күн бақылауда болған ана мен балалар жақсы нәтижемен үйіне шыққан. Вирус әлі де бөсеңдеген жоқ. Қазір де одан келер қауіп көп. Вирус жұқтырғанмен байланыста болған, жұқтырған немесе күдікті науқастар фильтр бөлімінде оқшауланады. Жыл басынан бері орталықта босанған әйелден коронавирустың симптомсыз белгісі анықталып, қажетті тексерулер жүргізіліп, үй жағдайында сәбиімен оқшауланған.

ақауларды анықтау), генетикалық ауруды анықтау скринингі, жүктіліктің I-триместріндегі биохимиялық скрининг, неонаталды скрининг, офтальмодиагностика, ретинопатияны анықтау, аудандарға санавиациялық көмек көрсету сынды қызмет атқарады.

Соның жылдары «Ана мен бала» перинаталдық орталығының қызмет аясы кеңейген. Бұған әрине, маман біліктілігін артты, орталықтың соңғы үлгіде заманауи техникамен жабдықтауы үлкен септігін тигізуде. Әсіресе, шала туған балалардың өмірге бейімделіп кетуіне қаршына жағдай жасалған. Оларды жетілдіруде барынша құралдар түгел. Мәселен, шала туған баланың көру қабілетін анықтайтын ретиналды камера, T-система аппараты ауыр асфиксия жағдайындағы нәрестеге көмекті реттейтін, мұздайтын емдеу аппараты (гипотермия), санавиациялық көмек кезінде керек қуазы ОЖЖ құралдарымен қамтылған. Бұған қоса заман талабына, бүкіләлемдік стандартқа сай енгізілген перинатологиялық технологияның қолданылуы балапн жақсы дамуына оң әсерін тигізеді екен. Атап айтқанда серіктеспен босану, баланы бірден ана кеудесіне жатқызу, алғашқы сағатта омырауына жатқызып, тек ана сүтімен қоректендіру, бос құндақтау сынды алғашқы кезеңде орндалатын әрекеттер. Мамандар анасы мен сәбиінің байланысы аурушандық, шетіне жағдайын азайтады дейді.

## ОРТАЛЫҚТЫҢ МҮМКІНДІГІ ҚАНДАЙ?

Орталық 350 орынға арналған. Жүкті, босанушы әйелдер мен жана туған нәрестелерге арнайы жоғары мамандандырылған 3 деңгейдегі перинаталдық көмек көрсететін денсаулық мекемесі боп саналады. Он алты құрылымдық бөлімшесі бар. Медициналық құрал-жабдықтармен қамтылуы 92 процент. Заманауи соңғы үлгідегі технологияны пайдалану мүмкіндігіне ие. Облыс көлемінде жүктілік регистрі мониторингісі, УДЗ скринингі (құрсақшалық

## ЕҢ ҚЫМБАТЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрін қымбат» тақырыбындағы мақаласы жарық көргендігі белгілі.

«Қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды» деп нық сеніммен айтылған сөздер көптің көкейін мазалаған сан сауалға нүкте қойғандай. Мемлекет басшысының әрбір айтқан сөзі, әрқайсымыздың Отан алдындағы жауапкершілігімізді тағы бір мойындатқаны шындық.

«Бәріміздің илегеніміз бір терінің пұшағы» деген қасиетті қазақтың қадірлі сөзіне жүгінер болсақ, онда біз бас мақаланың он бойынан өзімізге керектігін бәрін тапқандаймыз. Президент сөзіндегі кино мен деректі фильмдердің жалғастығы, оның ұрпақ дамуындағы үлесі, Алаш қайраткерлері, олардың рухқа толы еңбектері, оны зерттеушілер, міне, осының бәрлығы дерлік әлі де толыққанды іздену мен зерттеуді, ол үшін қажет сүйіспеншілік, терең пайым-парасатты керек етеді. Олай болса біз, алдыңғы буын кейінгі ұрпақпен сабақтаса отырып, осылардың барлығын дәл қазір дер кезінде қолға алуымыз шарт. Атап айтқанда, балабақша мен мектептерде, жоғары оқу орындары мен қызмет орындарында ұлттық құндылықтарымызды насихаттауды ең бірінші кезекке қоюмыз – парыз.

Президент қазақ тарихына терең үңіле отырып, халықтың ұмытылмас күндеріндегі ащы запыран – ашаршылық пен Желтоқсан оқиғасының да маңызын атап көрсетті. Тілдік байлығымызды құрметтеп қана қоймай, оны қанға сіңіру де әрбірміздің мойнымыздағы аманат екендігін еске салады. Осы орайда ол «тарихи зерттеулерді ұраншылық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс» екендігін алға тартады.

Міне, біздің айтқымыз келгені де осы кезге дейін жалғасып келе жатқан бос даңғаз, ұраншылық ешкімге опа әкелмегені – көздің ағы мен қарасындай шындық. Олай болса жас өркеннің бойында Отансүйгіштік пен адамгершілік қалыптастыру аға буынның қолында. Оның барлығынан кеш қалмауымыз үшін бәріміз бірігуіміз керек.

Сонымен қатар мақалада айтылғандай, «Мұның бәрі тәлім-тәрбиенде басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада» екендігін мойындасақ, мойындап қана қоймай, әуелі балаға емес, өзіміздің пайымымызға жақсылап сінірсек, бізді көрген жәуір көздер мен ертенгі батыр ұлдарымыздан жамандық шықпаса анық.

Айгүл МУСАБАЕВА,  
Аблайхан атындағы

№140 қазақ орта мектебінің директоры,  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

## МҰҚАҒАЛИ МҰРАСЫ – МӘҢГІЛІКТІҢ МУЗАСЫ



«Ақынның деп мен қалай айта аламын, Халқымның өз айтқанын қайталадым, Күні қиған қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіне қайтарамын», – деп жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың көпшіліктің махаббатына бөленді.

«Айтылар естеліктер мен туралы, Біреулер жан еді дер өр тұлғалы, Біреулер тұлпар еді деуі мүмкін, Бүтінделмей кеткен бір ер тұрманы».

Иә, ақын туралы бүгінгі таңда естеліктер де, лебіздер жазылып та, айтылып та келеді. Айтыла да бермек. Өйткені ол мәңгіліктің музасы.

Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы кітапханасында кітапханашылар А.Ноғайбаева мен Г.Тұрғанбекованың ұйымдастыруымен 9 «Ә» сынып оқушыларының қатысуымен «Аманат, түсінігем мәнi терең» тақырыбында әдеби-сазды кеш өткізілді.

Шара барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ш.Бакирова ақын өміріне шолу жасап, оқушыларды жан-жақты таныстырды. Ақын өлеңдерін дәріптеу, поэзияны сүйеге тәрбиелеу мақсатына бағытталған мәдени сазды кеш осылайша жоғары деңгейде өтті.

А.НОҒАЙБАЕВА,  
№1 мектеп-гимназияның  
кітапхана меңгерушісі

# ЦИФРЛАНДЫРУ: қағазбастылықтан құтылу жолы

Өз кезегінде аталған әрекет жемісін берді. Мысалы, өткен жылы Қазақстан БҰҰ рейтингінде электрондық үкіметті дамыту деңгейі бойынша 193 елдің ішінде 29-орынға тұрақтаған. Бір қарағанда қарапайым құрылым көрінгенмен, бұл – үлкен жетістік. Дәлі осы, Қазақстанның мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы цифрландыру моделі әлемдік аренада төндессіз тәжірибе саналады. Жалған мақтан, құр сөз емес, нақты дерек. Тіпті дамыған Италия, Испания, Франция елдерінің өзі мемлекеттік және әлеуметтік қызмет көрсету саласында қағазбастылықтан құтыла алмай отыр.

Электронды үкімет жаңалығы құжаттарды сандық нұсқаға көшірумен шектелмей, шақтық электронды цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) саусақ ізін енгізу (биометрия) арқылы алуға мүмкіндік берді. Осылайша, цифрлық жобалар күшімен құжат айналымынан бастап, әлеуметтік төлемдерге дейін онлайн жүйе енгізілді. Қазіргі таңда онлайн форматта қолжетімді мемлекеттік қызметтердің үлесі 93%-ке дейін жетіп, еліміз БҰҰ рейтингінде электрондық үкіметті дамыту деңгейі бойынша 29-орынды иеленген.

Оған қоса, 2020 жылы қолма-қол ақшасыз операцияларының көлемі 2,5 есе, бөлшек сауда құрылымындағы электрондық сауда көлемі 3 есеге көбейген.

Цифрландырудың игілігін тек электронды үкіметтен емес, кәсіпкерлік, білім беру, денсаулық сақтау саласынан да байқауға болады. Үкімет ел экономикасын жаңа саатыға көтеру үшін мемлекеттік және жекеменшік секторда цифрландыру жүйесін енгізуге бел буған-тұғын. Табыс та жоқ емес. 2020 жылдың өзінде 20 мың шақырымды құрайтын талшықты-оптикалық байланыс желісінің құрылысы аяқталса, мынанан астам мобильді байланыстың базалық станциясы орнатылған. Нәтижесінде Қазақстан халқын интернетпен қамту деңгейі 99 процентке жеткен. Мұндай жетістік пандемия кезінде қалыптасқан онлайн қызметті алуға, сақтық шарасын ұстануға үлкен көмек көрсетті. Әрине, ғаламтор жылдамдығы мен құрылғы тапшылығы – өзге мәселе.

## 5G – БАСТЫ БЕЛЕС

Биыл президент Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметке цифрландыруды назардан тыс қалдырмай, жүйелі жалғастыруды баса тап-

сырған болатын. Осыны ескеріп, елде «ауқымды деректер» қағидасын мемлекеттік органдарға енгізу бойынша жұмыстар жүреді. Үкімет басшысы Асқар Мамин де кезекті пікірінде: «Мемлекеттік органдардың жұмысында «ауқымды деректер» қағидасын терең интеграциялау бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. «Data-driven government» тұжырымдамасы шеңберінде деректерді тиімді және өңдеу, әзірлеуден бастап тиімді мониторинг жүргізуге дейінгі барлық кезек мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырудың факторына айналды» деген еді.

Цифрландыру жүйесін дамыту мұнымен тежелмейді. Мемлекет алдағы бес жылда барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларды 5G жабынмен қамтамасыз етуді жоспарлауда. Мамандар 5G жүйесі ғаламторды қолдануды түрлендіріп, интернет жылдамдығын едәуір арттырады деген ойда.

Сонымен қатар алдағы бес жылда деректерді өңдеу және сақтау саласына инвестиция 6 есеге, электрондысауданың үлесі 2 есеге артатын



болып, ашылып, ақпараттық технологиялар саласы бойынша 100 мың жаңа жұмыс орны құрылмақ.

Цифрландыру – заман талабы. Аталған жүйеге аяқ басу – экономикалық-тұрмыстық тұрғыда ғана тиімді емес, елдің жаңа ойлау кеністігіне енуіне, әлем халқымен бір тұрғыда дамуына септесетін маңызды күш. Сондықтан цифрландыруға қатысты кез келген жаңа жобаны асқан ыждағаттылықпен, тығыздықты ізденіспен ден қоя саралаған абзал.

**P.S.** Мақалаға ақпарат «Digital Almaty 2021: цифрлық қайта жаңғыру: жаңа жағдайға серпіліс» форумынан алынды.

Басы 1-бетте

# СЫРДАҒЫ ӨНІМІГЕ СЫРТТАҒЫЛАР ҚЫЗЫҒЫШ ОТЫР

Бұқтырылған етті шығаруды қолған алған Қуат Шәкізаев тәжірибелі технолог. Осы салада отыз жылдай еңбек еткен ол мол тәжірибені пайдаланып, өнім шығаруды қолға алады. Шағын цехта 5 адам жұмыспен қамтылған. Жалақысы көңілге қонымды. Ұйымшыл ұжым бұтінде ортақ іске жұмылған. Өндіріс көлемін арттыру мақсатында жаңа құрылғылар алуы жоспарлауда. Санапсы мен бағасы үйлесімді.

– Бүгінде «Субаға» бұқтырылған ет өнімі қаладағы дүкендердің сөресінен табылады. Өнім халыққа ұнап жатыр. Бір ерекшелігі, өнім қалбырда емес, шыны ыдысқа салынған. Ең бірінші дүкеннен қандай зат алатын болсақ та жазуына, құрамына, түріне қарап таңдап аламыз. Сол секілді шыны ыдыста ет бұқтырмасының ішінде не бар екеніне халық көз жеткізіп алысы, үйге барғанда өкініп қалмайтын болсын деп әдейі шыны ыдысқа салдық. Екінші, қалбырдағы тағам бұзылып кетуі мүмкін. Өнімге тапсырыс күн санап көбеюде. Жасау процесі бірнеше кезеңнен өтеді. Сүйектен ажыратылған мал еті құрыптау түріне байланысты құтыларға салынады. Өнімнің



салмағы өлшеніп, құтысы жабылған соң арнайы қазандықта 120 градус ыстықта қайнатылады. Банкының сыртында өнім құрамы, шығатын орны мен байланыс нөмірлері көрсетілген. Бұған су немесе басқа сұйықтық қосылмайды. Еттің өз майы мен шырыны бар, – дейді технолог Қуат Шәкізаев.

Айта кетейік, бұқтырылған ет өнімі өңірде 1974 жылы шығарылған екен. Кейіннен бұл цехтың ізі де қалмай, ұмыт болған. Араға 50 жылдай уақыт салып, бұл өндірісті қолға алу кәсіпкер үшін оңай болған жоқ. Тәжірибелі мамандар жоқтың қасы. Құрылыс, тіпті ыдысты да сырттан ақелу керек. Мұнан өзге де қиындықтардың бәрін жеңіп, өзмізде өнім өндіруге болатынын дәлелдеген кәсіпкер еңбегі өлшеусіз. Өңімге барысында білгеніміздей, шыны ыдыстарды Ресейден тапсырыспен алса, цехтағы барлық құрал-жабдықтар Беларусь елінен әкелінген. Ал шикізат өзімізден. «Ару-Ана» шаруа қожалығы шикізатпен қамтамасыз етуде.

«Субаға» бұқтырылған еттің дүкендегі бағасы қалтаға қонымды екен. Айтпақшы, Сырдан шыққан өнімге ресейліктер қатты қызығушылық танытуда. Кәсіпкер жақында Ресейден келетін қонақтардың цех жұмысымен танысып, өнімге тапсырыс беру жоспарында бар екендігін жасырмады. Осылайша Сыр өнімін экспортқа шығару жүзеге аспақ.

Бүгінде цех үздіксіз жұмыс істеп тұр. Тәулігіне 100 данадан аса өнім шығаруда. Цех жұмысымен таныса жүріп байқағанымыз, мұндағы талаптың қаталдығы. Кәсіпкер тазалықты бірінші орынға қоятын жасырмады. «Тазалық бар жерде береке бар» деген кәсіпкер өнімінің сапалы болуы таза еңбектің нәтижесі екенін айтты.

... Жұмыстан шыққан соң дүкеннен «Субаға» өнімін сатып алдым. Дәмі тіл үйірледі екен. Қанша дегенмен өзіміздің өнім ғой...

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ  
Суретті түсірген  
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

# ШӘМШІ ӘНІН ШАРЫҚТАТТЫ

Шәмші Қалдаяқовтың ән-мұрасы – нәзік те сыршыл болмысымен әнсүйер қауымды баурайтын өнер биігі. Сазгердің әндері шынайы сезім мен ғашық көңіл, өміршен болмысқа толы қилы бояуымен құнды. Сондықтан аға буын мен жас өрендер Шәмші әндерін заман ағымымен ұштастыра біліп, бүгінге дейін қосыла шырқап келеді. Өткен аптада осындай өнегелі шараның бірі №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында өтті.

«Шәмшінің шарықтаған әндері» атты байқауға орталықтың қызмет алушылар мен күндізгі бөлім ем алушылары қатысып, сазгердің шығармашылығын ұлықтауға үлес қосты. Жылына қатысушылар қазақ вальсінің королі – Шәмші Қалдаяқовтың әндерін орындау бойынша өз өнерін көрсетіп, ескі шығармаларды қайта жандандырды.

Байқауда композитордың «Сыр сұлуы», «Ана туралы жыр», «Ақерке-Ақжайық», «Дүнген қызы», «Қайдасың?!», «Ақ бантик», «Бәрінен де сен сұлу», «Арыс жағасында» секілді танымал әндер шырқалып, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй тарту етті.

Шара соңында ұйымдастырушылар байқауға қатысушыларға арнайы сыйлық үлестіріп, алғыс хат табыстады.

Айта кетейік, сыйсақа халықаралық «Ипар» корпорациясының көшбасшысы, «Күміс бұғы» марапатының иегері Гүлмира Жақсыбайқызы мен Шұғыла шағын ауданы бойынша «FABERLIC» компаниясының директоры Индира Болатбекқызы демеушілік көрсеткен.



«Ақмешіт-ақпарат»

■ ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ...

# ЕСІМ – ТАҒДЫРДЫҢ ЕСІГІ, КӨҢІЛДІҢ БЕСІГІ

Бір күні жұмыс бөлмеме екі қыз келді. Бұйымтайларының шет жағасын айтқан қыздардың атын сұрадым. Біріншісі өзін Адила деп, екіншісі Бона деп таныстырды. Мен екінші қыздың атына ойланғым келді.

– Бона ма, Бота ма?  
– Бона.  
– Мүмкін Бонай шығар.  
– Төлқұжатымда Бона деп жазылған. Мен күмәнді атқа деген қызығушылықымды жерге тастай алмай, Бона арқылы оның әкесіне телефон шалдым.  
– Әжесі атын Бонай деп қойған, құжат толтырғанда Бона деп жазылған кеттігі, – делі әкесі. Енді мен қызға Бонайдың Әбілқайыр ханның жары екенін, ел билеу ісіне араласқан аса ақылды, ықпалды тарихи тұлға екенін түсіндірдім. Осыны естіп тұрған екінші қыз өз есімінің мәнін білгісі келетінін айтты.  
– Адила дейсің бе, негізі қазақтың тілдік қалыбына сай Әдила болуы керек әрі әдемі естіледі. Бұл араптың «ади» сөзінен, яғни, әділдік деген сөзден шыққан атау, – деп оған да білгенімді айттым.

...Арап демекші, қазақ есімдерінің біразы арап, парсы тілдерінен енген. Бұл бізге исламды қабылдауымызбен байланысты келген ықпал. Бірақ қазекем сол сырттын атауын өз тілінің ыңғайына сындырып, өз сөзі ретінде сіңістіріп алған. Мысалы: Маханбет, Мұқан, Мәмбет аталатын қазақ есімдерінің төркіні Пайғамбарымыз Мұхаммедтің атынан шығады. Рахмет, Оспан, Баян, Дәуір секілді есімдер де араптан алынған. Біз оларға қазақ

тілінің қосымшаларын жалғау арқылы Рахметбек, Оспанхан, Баянбай, Дәуіржан деген секілді туынды сөз жасап алғанбыз.

Негізінен адам аттары әр дәуірдің өз бейнесіне сай қойылады. Мұны кісі есімдерін зерттейтін ғылымның арнайы саласы антропонимика айтады.

Мәселен, еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан кейінгі туған ұрпақтың өкілін есімінен жазбай танысың. Абылай, Мағжан, Шәкәрім, Мұстафа, Жанқожа, Әлі, Наурыз, Рамазан, Токтар, Айдын, Айгерім, Арай, Шұғыла, Сая, Мақпал, Рауан, Райан, т.б. есімдер – соңғы ширек ғасырда ең жиі қойылған есімдер. Өңімізге басындағы Адила мен Бона (Бонай) да осы қатарға жатады. Сонымен бірге Елбасымыздың атын иеленген балалар да мыңдап саналады.

Мұның барлығы да бізді қуантатын жағдайлар.

Өкпеміздің қара қазандай болатын кездері де көп. Жақсыны көре ұқсап бағу әркімде-ақ бар шығар, дегенмен қазақ еліктегіш деген сөз сүйегімізге сіңіп кеткен бе деймін. Енді өз арамыздағы мына есімдерге назар аударарыңыз: Ананди, Ардали, Бенаден – мен қазақтан осы үш есімді де кездестірдім. Ананди – атақты «Келін» фильмінің кейіпкері, үнді актрисасы Авико Гор. Кинода әдепті болып көрінгенмен, діни бөлек, ділі бөлек оның өмірде кім екенін құдай білсін. Қазақ қызына үлгі қылуға тұра ма, жоқ па? Ал, Усама бен Ладеннің әйгілі террористі екенін жұрттың бәрі біледі. Ислам атын жамылып, қарапайым халықтың қырғынына

себепші болған адамның атын әулие көргенімізге не жорық? Ең сорақысы, Ардали атының қазаққа қалай келіп қалғанына танғаласын. Мен баласына осылай ат қойған адамнан бұл есімнің мағынасын сұрағанымда «Ардалион деген орыс экзотикалық болыпты, әкем сол есімді құрмет тұтатын, оның үстіне «ардақты» деген сөзге ұқсайды» деп жауап берді. Жақсы, экзотикалық екен, сен де сыйла. Бірақ бұл проваслав есімінің мағынасы не? Оның мағынасы «лас» деген ұғымды білдіреді.

Антропонимика ғылымы адамның аты оның тағдырына әсер ететі деп болжайды. Адам есімін аустыру оның өміріне түбегейлі өзгеріс әкеледі деген сенім бар. Орыс әйелдерінің ерге шыққанда атагетін аустыратынын осыдан қалған. Бұл қисынсыз да емес. Кейбір тілдерде «тағдыр» деген сөз «ат қою» деген мағына береді-міс.

Осы тақырыптың ұғым ең әуелі Пайғамбарымыздың хадистерінде айтылған. «Перзенттеріңе көркем есім қойындар» «Ақыретте сендерді өз есімдеріңмен және әкелеріңнің есімімен шақырады. Жаман есімдерге назар аударарыңыз: Ананди, Ардали, Бенаден – мен қазақтан осы үш есімді де кездестірдім. Ананди – атақты «Келін» фильмінің кейіпкері, үнді актрисасы Авико Гор. Кинода әдепті болып көрінгенмен, діни бөлек, ділі бөлек оның өмірде кім екенін құдай білсін. Қазақ қызына үлгі қылуға тұра ма, жоқ па? Ал, Усама бен Ладеннің әйгілі террористі екенін жұрттың бәрі біледі. Ислам атын жамылып, қарапайым халықтың қырғынына

себепші болған адамның атын әулие көргенімізге не жорық? Ең сорақысы, Ардали атының қазаққа қалай келіп қалғанына танғаласын. Мен баласына осылай ат қойған адамнан бұл есімнің мағынасын сұрағанымда «Ардалион деген орыс экзотикалық болыпты, әкем сол есімді құрмет тұтатын, оның үстіне «ардақты» деген сөзге ұқсайды» деп жауап берді. Жақсы, экзотикалық екен, сен де сыйла. Бірақ бұл проваслав есімінің мағынасы не? Оның мағынасы «лас» деген ұғымды білдіреді.

Міне, осы мәселе ойлантанды.

ДАЯШҰЛЫ



# The New York Times

## МЕКСИКАДАҒЫ ОТТЕГІ ДАҒДАРЫСЫ

Емханада орын болмағандықтан үйінде емделіп жатқан мексикалықтар өмірлік маңызды проблемаға тап болды. Оларға оттегі жетпейде. «The New York Times» газетінің тілшілері Натали Китрофф пен Оскар Лопес оттегі баллондарын сату арқылы ақша тауып жүрген мексикалықтардың бүгінгі өмірін «Өлім базары»: оттегі жетіспеушілігінен мексикалықтар үйде көз жұмуда» атты репортаж дайындады.



«Қишқентай балалар оны үйіне шақырып, ата-аналарына оттегі баллонын алып келуін өтініп сұрайды. Түнгі уақытта егде жастағы тыныстау қиындаған кариерау қоңырау шалады. Тіпті бір баллон үшін өзінің көлігін беруге дайын жандар бар», – деп газет тілшілері Мексикадағы эпидемиология ашына жазады.

Өзі коронавирусты жеңіп шығып, кейін жұмысынан айырылған Хуан Карлос Эрнандес қазір оттегі баллонын сатуы бастады. Кейін Мексикаға коронавирустың екінші толқыны келіп, «ауаға» деген сұраныс артқан.

Тілшілердің айтуынша, Мексикада оттегі баллондарының бағасы күрт көтерілген. Тіпті ел ішінде ұйымдастырылған қылмыстық топтар құрылып, оттегі баллондарын тасымалдайтын жүк көліктерін тонауға көшкен. «Сондықтан көп мексикалықтың өмірі Эрнандес секілді саудагерлердің қолында», – дейді тілшілер.

«Біз «өлім базарындамыз». Егер сізде ақша болмаса, өзіңіз көз жұмасыз немесе отбасыңыздағы біреуден айырыласыз», – дейді Эрнандес.

Қаңтарда Мексикада коронавирустан 30 мың өлім тіркеліп, бұған дейінгі эпидемиясынан гөрі жоғары көрсеткіш көрсеткен. Мемлекет басшысы Андрес Мануэль Лопес Обрадор да Covid-19 жұқтырып, халық елдегі денсаулық сақтау жүйесінен үмітін үзген.

Елде өлім көрсеткішінің өсу себебін сұраған тілшілерге дәрігерлер мен шенеуніктер «Жетіспеушілік. Оттегі баллондары жетпейді», – деп жауап берген. Мексиканың мемлекеттік емханасында қызмет ететін дәрігер Александро Кастильо оттегінің суға теңеп, өмірлік маңызды екенін айтқан. Қазіргі кезде елдегі 10 емхананың 8-і науқастарға толып тұр, ал төтенше жағдайлар басқармасы көмек беруден бас тартуға мәжбүр. Шет аймақта тұратын пациенттер дәрігерге жүгінуден қорқып отыр. Тілшілер үйде жатқан науқастар 24 сағат бойы тазартылған оттегіге, ал отбасы мүшелері сол баллондарды күніне 3-4 рет толтыру үшін кезекте тұруға мәжбүр екенін көрген.

Дэвид Менендес Мартинес коронавирусқа дейін оттегі терапиясы қалай жұмыс істейтінін білмеген. Енді ол Мексикада алты сағатқа жететін бір баллонның өзі 800 доллар тұратынын біледі. Бірнеше бос баллонмен кезекте тұрған Мартинес: «Адамдардың баллондарымен кезекте тұрып, алдыңғы қатарға отуын жылап сұрайтынын көріп тұрсыздар. Менің әкем 60 процент, анам 50 процент оттегіге тәуелді. Өйелім енді тыныс алмайды, оның ерні көгерген. Ал мен қазір тек анамыз, оның қалай тұнығып жатқанын ғана ойлап тұрмын», – деп тілшілерге жағдайын баяндайды.

Тілшілер мұндағы ахуалдың күрделенуі көрсеткішке қарамастан, үкіметтің шектеу шараларын қабылдамауы салдарынан деген пікірге келген. Кешіктіріп енгізілген шектеу кезінде мексикалықтар жаппай жыл соңындағы аптасында оттегіге деген сұраныс 700%-ке өскен.

Осы сәтте елдегі қиын жағдайды өз пайдасына қолданып, адалдық іспен айналысатын жүргендері пайда болған. Мәселен, Мальдонадо Эрнандес әкесіне 1600 доллар тұратын лицензиясы жоқ оттегі тазартқыш құрылғы сатып алу үшін достарынан қарызға 800 доллар алады. Алайда сатып алған аппарат жарамсыз болып шыққан. Кейін Facebook-тегі жарнамалар 100 долларға концентратор көріп, тапсырыс берді. Бірақ концентратор келмеген, ақшасы да қайтарылмаған.

«Вирустың кесірінен барлығы күйзеліске түскен, жұрт не істерін білмей сенілеп жүр. Басқа таңдау қалмағандықтан, осындай адамдарға жүгінуге мәжбүр боласыз», – дейді әкесінен айрылған Мальдонадо Эрнандес. Бүгінде Мексика үкіметі оттегі тасымалдаушы көліктерді қорғау үшін арнайы күш құрылымдарын жіберген. Сондай-ақ сатушылар тек тазартылған, адамға қолдануға болатын оттегі сатулы тапсырған. Сонымен қатар үкімет басындағы оттегі жетіспеушілігін жоюды қолға алды. Алайда Шеффилд мұндай проблеманы шешу оңайға түспейтінін алға тартады. «Мексика оттегі шығармайды. АҚШ-та да оттегіге сұраныс жоғары, ол жақтан алып келу мүмкін емес. Қытайдан тасымалдауға бірнеше ай уақыт кетеді», – дейді ол. Сол себептен бүгінде мексикалықтар Эрнандес секілді саудагерлерге тікелей тәуелді болып отыр.

Хуан Карлос Эрнандес өз жұмысының дұрыс емес екендігін, арнайы лицензиясы жоқ екенін мойындайды. «Алайда, бұл жұрттың өмірін сақтап қалу», – дейді ол. Соңғы уақытта Эрнандес келіп түсетін қоңыраулар саны төрт есе артқан. «Сіз олардың өмірден күдер үзген дауыстарын естідіңіз бе? Олар, тіпті менің телефонды көтерігенім үшін де алғыс айтады», – дейді ол.

«Мен бұл жұмыс арқылы жұрттың қайғысынан ақша тауып жүргенімді түсінемін. Бірақ менің де тамактануым керек», – дейді оттегі баллондарын сатушы. Хаосқа толы «базарда» кезекте тұрғандар үшін оттегі баллоны бар біреуді табу – үлкен бақыт. Сондай жағдайда бірі Менендес ұзын-сонар кезектің алдына жетіп, толтырылған баллон құшақтап кеткен сәтті ең бақытты күні санайды.

«Ол кезде маған тамақ ішкені-ішпегенім, шаршағаным, уақыттың түнгі 3 болғаны маңызды болмады. Мен, тіпті өзімнің тоңанымым, ұйық келгенім де сезбедім. Себебі ол кезде ең маңыздысы: аманның тыныс алғаны, бұл өмірде аман қалғаны», – дейді Менендес. Ол аттаснаса 100 долларға оттегі баллонын жалға беретін адамды тапқанда қуанғанын төбесі көкке жеткендей сезінген. Құрылғы анасының өмірін сақтап қалған. Бірақ Рождество қарсаңында өкіпсі тыныс алмауынан анық болды... Түпнұсқадан аулаурып, шолу жасаған: Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Таралымы 4843 Тапсырыс №220

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектестірі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілді.  
Жарнама мақсатына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖІСІ сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ